

Энергия көздерінің мемлекеттік реттелетін бағасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 тамыздағы N 678 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Республикаға Ресей Федерациясынан және Орта Азия мемлекеттерінен импорттайтын энергия көздерінің (мұнайдың, мұнай өнімдерінің, табиғи және сұйытылған газдың, электр энергиясының) бағасы одан әрі өсуіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мұнайдың 1 тоннасына франко-бас резервуар, көлік кәсіпорынына тапсыру-қабылдау пунктінің айдау стансасы шарттарымен 28000 сом мөлшерінде өнеркәсіптің мемлекеттік реттелетін көтерме сауда бағасы (қосылған құн салығынсыз) енгізілсін.

Мұнай өндіретін бірлестіктер республиканың мұнай өңдеу кәсіпорындарына мұнай беріп тұру кезінде бағаны реттеу қорына өнеркәсіптің көтерме сауда бағасы (бір тоннасына 28000 сом) мен өзіндік құнға рентабельділіктің 50 процент шекті деңгейімен кәсіпорынның көтерме сауда бағасы арасындағы айырманы аударды деп белгіленсін.

2. Кәсіпорынның мұнай өнімдерінің (бензин, дизель отыны, мазут пештік отын, керосин) бағасы шикі мұнайдың құны мен өзіндік құнға шаққанда рентабельділіктің 20 процент шекті деңгейін қоса оны өңдеу жөніндегі шығындарға орайластыра белгіленсін.

3. Қазақ мемлекеттік "Қазмұнайөнім" концерні мұнай өнімдерін Ресей Федерациясынан әкелінетіндерін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетімен бірлесіп белгіленетін кәсіпорындардың бағасына айналым шығындарына шаққанда рентабельділіктің 20 процент шекті деңгейімен жабдықтау-өткізу үстемесі мен қосылған құн салығын қоса, қалыптасып отырған бірыңғай (франко-бағыт шартымен) орташа теңестірілген өнеркәсіптің бағасымен өткізуді жүзеге асырсын.

(2 - а б з а ц) .

Ескерту. 3-тармақтағы 2 абзацтың күші жойылған - Қ.Р.К.М. N 1224, 4 қараша 1994 ж. қаулысымен.

4. Республиканың мұнай өңдеу зауыттарында өндірілген, сондай-ақ Республикалық "Қазконтракт" контракт корпорациясы арқылы Ресей

Федерациясымен және басқа мемлекеттермен Тәуелсіз Мемлекеттік Достастығының мүшелерімен клиринг бойынша сатып алынған мұнайды өткізу 1993 жылғы 1 қыркүйектен бастап "Қазмұнайөнім" концернінің кәсіпорындары арқылы ғана жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі "Қазмұнайөнім" концернімен бірлесіп, мүдделі министрліктердің, ведомстволардың қатысуымен екі апталық мерзімде республика аумағында мұнай өнімдерін өткізудің тәртібі туралы Ережені әзірлеп, бекітсін.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетіне, Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдарына, жергілікті әкімдерге республика аумағында мұнай өнімдерін өткізу жөніндегі тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асыру тапсырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бағаны реттеу қорына төлем аударылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті үш күндік мерзімде электр және жылу қуаттарының жаңа тарифтерін бекітсін.

7. "Қазақгаз" ұлттық газ компаниясы Қазақ мемлекеттік "Қазақгаздандыру" концерніне босататын табиғи газдың бір мың текшеметрі үшін өнеркәсіптің орташа көтерме сауда бағасы 44900 сом және Маңғыстау энергия комбинатына 26750 сом (қосылған құн салығынсыз) мөлшерінде белгіленсін.

8. Табиғи газды Қазақ мемлекеттік "Қазақгаздандыру" концерні 1 мың текшеметрін 50410 сомнан (қосылған құн салығынсыз), барлық тұтынушыларға, оның ішінде ұжымшарлар мен кеңшарларға босатады. Халыққа өткізу үшін ұжымшарлар мен кеңшарларға табиғи газдың 1 мың текшеметрі көтерме сауда бойынша 11250 сомнан (қосылған құн салығынсыз) босатылады.

9. Қазақ газ өңдеу зауытының бензинсіздендірілген құрғақ газының Маңғыстау энергия комбинатына босатуға арналған көтерме сауда бағасы 1 мың текшеметрі үшін 7200 сом мөлшерінде (қосылған құн салығынсыз) белгіленсін.

"Маңғыстаумұнайгаз" өндіріс бірлестігіне бағаны реттеу қорына аударылуға жататын төлем мөлшерін кәсіпорындардың көтерме сауда бағасы мен бензинсіздендірілген құрғақ газды босату бағасы арасындағы айырма сомаға азайтуға рұқсат етілсін.

10. Сұйытылған газдың көтерме сауда бағасы 1 тоннасына 9400 сом мөлшерінде (қосылған құн салығынсыз) белгіленсін.

Республиканың мұнай өңдейтін кәсіпорындары сұйытылған газ өндіруге байланысты қосымша шығындарды мұнай өнімдерінің өзіндік құнына жатқызсын.

Қазақ газ өңдеу зауытына сұйытылған газға кәсіпорынның көтерме сауда бағасы мен босату бағасы арасындағы айырманы "Маңғыстаумұнайгаз" өндіріс бірлестігі бағаны реттеу қорына аударатын қаражат есебінен жабуға рұқсат етілсін.

11. ТМД елдеріне мұнай, табиғи газ және өңделген мұнай өнімдерін беріп тұру екі жақты (көп жақты) үкіметаралық келісімдерде көзделген шарттар негізінде сыртқы сауда бағасы бойынша жүзеге асырылады деп белгіленсін. Бұл ретте белгіленген қосылған құн салығы сыртқы сауда бағасынан тыс алынады.

Бұл энергия ресурстарын беріп тұру шарттары туралы келісім болмаған жағдайда, оларды өткізу энергия ресурстарының орташа әлемдік бағасына қарай анықталған сыртқы сауда бағасы бойынша берілім алдындағы айдың 15-інде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі белгілеген курс бойынша сомға немесе ұлттық валюталарға қайта есептеліп жүргізіледі.

12. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі Қазақстан Республикасының Экономмині жанындағы Баға комитетін, Энергетика және отын ресурстары министрлігін қатыстыра отырып, тұтыну қасиеттерін және осы өнімнің бағасы туралы ресми жарияланған шет ел ақпаратын есепке алып, энергия ресурстарының нақты түріне орташа әлемдік бағаны ай сайын нақтылап отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі энергия ресурстарының орташа әлемдік бағасы туралы ақпаратты қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға жедел, ал басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға олардың сұрау салуы бойынша хабарлап отырсын.

13. Қолданылып жүрген көтерме және бөлшек сауда бағаларына (тарифтерге) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Энергия көздерінің бағасын мемлекеттік реттеу және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтердің қымбаттауына байланысты халықты әлеуметтік қолдау туралы" 1993 жылғы 28 қаңтардағы N 68 қаулысының 12-тармағына (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ 1993 ж., N 2, 29-бап), сәйкес белгіленген шекті арттыру коэффициенті осы қаулыға N 1 және N 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті Көлік министрлігімен бірлесіп, екі апталық мерзімде темір жол көлігімен жолаушылар, қол жүктерін және жүк бағажын тасымалдау тарифтерінің деңгейін өзгерту жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін (қала маңындағыдан басқа).

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетіне Көлік министрлігімен бірлесіп, республика ішіндегі қатынаста темір жол көлігімен жүк тасымалдау тарифтерін реттеп отыру құқығы берілсін.

14. 1993 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша кәсіпорындар мен

шаруашылық ұйымдардағы (ауыл шаруашылығы салалары және қант зауыттарынан басқа) мұнайды, мұнай өнімдерін және газ қалдықтарын қайта бағалау жүзеге асырылсын.

Үстеп бағалау сомасының 50 проценті кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы нәтижелерін қалыптастыруға және 50 проценті - республикалық бюджетке жұмсалатын болсын.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚРМҚ-нің 1993.09.27. N 952 қаулысымен.

1 5 .

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ күшін жойды - ҚРМҚ-нің 1993.11.12. N 1121 қаулысымен.

16. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Энергия көздерінің бағасын мемлекеттік реттеу және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтердің қымбаттауына байланысты халықты әлеуметтік қолдау туралы" 1993 жылғы 28 қаңтардағы N 68 қаулысы (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 1993 ж., N 2, 29-бет), 1 және 2-тармақтарынан, 5-тармақтың "40 проценті мөлшерінде" деген сөздерге дейінгі екінші абзацынан, 8-тармақтың екінші абзацынан, 9-тармақтың екінші абзацынан, 12-тармағынан, 13-тармақтың үшінші абзацынан басқасы;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мұнайдың ренталық төлем ставкаларын белгілеу туралы" 1993 жылғы 12 мамырдағы N 379 қаулысының 1-тармағы.

17. Осы қаулы 1993 жылғы 1 тамыздан күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 5 тамыздағы
N 678 қаулысына
N 1 қосымша

Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің жекелеген түрлері мен көрсетілетін қызметтерге мемлекеттік реттелетін бағалар мен тарифтерді арттырудың Шекті мөлшерлері

Бұрын белгіленген өнеркәсіптің көтерме сауда бағасы мен тарифтеріне қарағанда

шекті арттыру коэффициенттері

(қосымша құн салығынсыз)

Мемлекетаралық бағыттарда темір жол көлігімен жүк тасымалдау	2,2	
Газ конденсаты "Қазақгаздандыру" концерні босатқан кездегі сұйытылған газ:		1,87
коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждарға орта есеппен басқа тұтынушылар үшін оның ішінде: автокөлік өнеркәсіп		1 1,2 2 1,1
орта есеппен байланыстың негізгі қызметтері		2

Е с к е р т у :

1. Қосымша құнға салық аталған коэффициенттер қолданылып есептелінген бағалар мен тарифтерден тыс алынады.

2. Мемлекетаралық бағыттарда темір жол көлігімен жүк тасымалдауға жаңа тарифтер 1993 жылғы 5 тамыздан бастап енгізіледі.

3. Тарифтердің жалпы деңгейі мемлекетаралық бағыттарда темір жол көлігімен азық-түлік және ауыл шаруашылығына арналған жүктер тасымалына да таралсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 3 ж ы л ғ ы 5 т а м ы з д а ғ ы
N 6 7 8 қ а у л ы с ы н а
N 2 қосымша

Халыққа көрсетілетін негізгі қызмет түрлеріне реттелетін тарифтердің (арттыру коэффициенттерінің) Шекті мөлшерлері

Қолданылып жүрген бағалар мен тарифтерге қойылған шекті тарифтер мен коэффициенттер

(қосымша құн салығын қоса)

Ж е л і л і к г а з :
т ұ р ғ ы н ү й л е р д і ж ы л ы т у ,
ас дайындау және су жылыту үшін 1 текшеметр 13 сом 50 тиын

Сұйытылған газ	1 кг-ға	52 сом 50 тиын	
Жарық беретін керосин, пештік отын			2
Су құбыры мен канализация қызметі	3		
Халықтың	коммуналдық-тұрмыстық		
мұқтаждары	үшін	босатылатын	
э л е к т р	қ у а т ы :		
селолық елді мекендерде	1 кВт/сағ. үшін	4 сом	
	қалалық елді мекендерде		
	(тұрақты электр плиталарымен		
және электр жылыту қондырғыларымен			
жабдықталған үйлерден басқасы)	1 кВт/сағ. үшін	6 сом	
	қалалық елді мекендерде		
	(тұрақты электр плиталарымен және		
жылыту қондырғыларымен жабдықталған			
үйлерде)	1 кВт/сағ. үшін	4 сом	
Орталықтан жылытуға және ыстық сумен			
камтамасыз етуге арналған жылу энергиясы	2		
Байланыстың негізгі қызметтері:			
	телефонды және радионүктені		
пайдаланғаны үшін абоненттік ақы			3
	оның ішінде зейнеткерлер мен		
оларды күту үшін зейнетақысына			
үстемеақы алатын мүгедектерге,			
сондай-ақ басқа да жалғыздікті			
зейнеткерлер мен мүгедектер			
(ерлі - зайыптылар) үшін			1
қалааралық телефонмен сөйлесу			3

Ескерту: Одан әрі халыққа сату үшін колхоздарға және совхоздарға босатылатын сұйытылған газ 0,8 коэффициентімен жүзеге асырылады. Тарифтердегі айырмашылық газ жеткізу жөніндегі көлік шығындарының өтеміне бағытталады.